

ПРИОЗЁРСКИЙ ВЕСТНИК

№01/541
05 января 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖАҢА 2018 ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА С НОВЫМ 2018 ГОДОМ

Құрметті отандастар!

Санаулы сәттерден соң біз күнтізбенің жаңа парағын ашып, 2018 жылды қарсы аламыз. Жаңа жыл – барша жұрт ізгі тілекпен, үкілі үмітпен, ақ ниетпен асыға күтетін айрықша мереке.

2017 жыл Тәуелсіздік жылнамасында ерекше із қалдырған оқиғаларға толы болды. Ата заңымызға өзгеріс енгізіп, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін маңызды қадам жасадық. Бабалар дәстүрінен нәр алып, болашақтың бағдарын айқындайтын Рухани жаңғыру жолын бастадық. Өткен жыл қазақ тілінің жаңа әліпбиі қабылданған тарихи шешім арқылы есте қалады.

Біз саясатта, экономикада, спорт саласында маңызы зор халықаралық шараларға бастамашы болдық. Татулық пен тұрақтылықтың мекені – Қазақстан ел мен елдің арасын жақындатты. Әлемнің әр түкпірінен келген спорт саңлақтары Қысқы Универсиада төрінде бас қосты. Астананың және бүкіл еліміздің ажарын ашқан «ЭКСПО» көрмесі беделімізді биіктетіп, абыройымызды асқаттатты. Барша мұсылман елдерінің басшылары қатысқан жиын өтті. Биыл біз он сегіз миллион халқы бар еңселі елге, мерейлі мемлекетке айналдық. Өтіп бара жатқан жылды баршамыз үшін құтты жыл болды деп сеніммен айтуға болады. Жарқын жетістіктеріміз бен жасампаз жеңістеріміз – бекем бірлігіміздің арқасы. Бұл белестерді өздеріңізбен бірге алдық, толайым табыстарға сіздермен бірге жеттік.



Қадірлі қазақстандықтар!

Босағамыздан аттағалы тұрған 2018 жыл да берекелі болады деп ойлаймын. Қазақстан келер жылды Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етумен бастайды. Бұл – қазіргідей күрделі кезеңде елімізге артылған үлкен сенім және зор жауапкершілік. Алдағы жылы ерке Есідің жағасындағы ажарлы Астананың 20 жылдығын атап өтеміз. Елордасы еңселі, қуатты Қазақстанның мақсаты – биік, бағдары – айқын, келешегі – кемел.

Келер жыл ел қазынасын еселеп, халықтың әл-ауқатын арттыратын жемісті жыл болсын!

Дорогие соотечественники!

Мы с радостью встречаем Новый год в нашем большом общем доме – Республике Казахстан. Этот светлый праздник дарит нам тепло общения с родными и близкими, друзьями и коллегами. Сегодня каждым из нас подводятся итоги, загадываются желания и строятся планы на будущее.

В эти мгновения уходит в историю 2017 год. Мы прожили его очень насыщенно, динамично и ярко. В каждой казахстанской семье были свои счастливые моменты и радости, которые запомнятся на всю жизнь.

Восторг и восхищение переполняли нас на спортивных аренах зимней Универсиады, мы заглянули в интересное будущее в павильонах международной выставки ЭКСПО. Казахстан обрел еще большую известность и уважение во всем мире. Наши усилия в Совете Безопасности ООН и в рамках Астанинского процесса содействовали укреплению мира и урегулированию сирийского кризиса. Мы достигли важного рубежа – родился восемнадцатимиллионный житель страны. Это исторически значимое событие, демонстрирующее успешное развитие независимого Казахстана.

В уходящем году мы делали все, чтобы укрепить позитивные перемены во всех сферах жизни наших граждан. Конституционная реформа усилила роль Правительства и Парламента. Введены новые индустриальные проекты, набирают силу транзитный потенциал и цифровизация страны. Увеличились пенсии и другие социальные выплаты. Все эти весомые

достижения страны – заслуга каждого из нас.

Хотел бы искренне поблагодарить всех казахстанцев за проявленное единство и согласие, энергию и труд. Лишь совместными усилиями мы достигаем новых вершин!

Уважаемые казахстанцы!

В наступающем году мы продолжим курс перемен, созидающих процветающий Казахстан. Начнет свою деятельность Международный финансовый центр «Астана». Знаковым событием станет 20-летие нашей прекрасной столицы – главного символа достижений и побед нашей страны. Своим стремительным темпом развития она задает ритм обновления всему Казахстану.

Дорогие друзья!

Совсем скоро войдет в наши дома Новый 2018 год! Пусть в наступающем году в каждой казахстанской семье царит мир, пребывают добро и благополучие!

От всей души желаю вам счастья, здоровья и процветания!

С Новым годом!

Алдағы жылда еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ел ішінде ынтымақ пен молшылық арта берсін! Баршамыз сол үшін қызмет етейік! Әрбір шаңыраққа бақыт, береке, бірлік тілеймін! Жаңа жыл құтты болсын!

Астана, Ақорда

ОТКРЫТИЕ ГОРОДСКОЙ НОВОГОДНЕЙ ЁЛКИ

26 декабря 2017 года на центральной городской площади состоялось торжественное открытие городской новогодней елки для детей города Приозерск, традиционно устанавливаемой в канун праздников от имени акима города.

Перед собравшимися жителями города с поздравительной речью выступил аким города Камзин Кайрат Амангелдиевич, который от имени руководства города поздравил горожан с праздниками и пожелал всем успехов и счастья в новом 2018 году.

Под бурные аплодисменты собравшихся новогодняя зелёная красавица засверкала огнями разноцветных гирлянд, радуя взгляд своей красотой и монументальностью. После торжественного зажжения огней городской новогодней елки, ведущие праздничного действа Дед Мороз и Снегурочка объявили о начале торжественных мероприятий, посвященных наступающему 2018 году.

Руководимые сказочными героями, собравшиеся дети и жители города образовали большой тесный хоровод вокруг символа Нового года - ёлочки. Увлекая участников шутками - прибаутками, Дед Мороз со Снегурочкой и лесными помощниками, закутили песенный, шумный хоровод. Очень понравилась детям новогодние забавы у ёлки, игра «Давай прокатимся» и Флеш-моб «Новогодние повторилки». Радостью и весельем светились лица всех

участников торжества.

Пусть же и весь новый 2018 год будет таким же ярким и светлым и добрым для всех нас!

Б. Алшынбекулы



УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ И ГОСТИ ГОРОДА !

Поздравляем вас с Рождеством Христовым! В этот светлый и чистый праздник мы желаем вашим семьям безмерного счастья, отменного здоровья, благополучия!

Желаем, чтоб в вашем доме всегда раздавался счастливый смех, слезы были только от радости и чтобы доброта не покидала никогда ваших сердец!

*Рождество волшебной сказкой
Пусть в твой дом войдет сегодня,
И уютный мир прекрасный
Будет радостью наполнен,*

*Чтобы сердце билось часто
От любви при каждой встрече,
И удача птиц счастья
Пусть летит тебе навстречу!*

Редакция газеты
«Приозёрский вестник»



ПОЖЕЛАНИЕ К НОВОМУ ГОДУ

*Новогодняя ночь и
снежинки кружат за
окном,
И на елке, как в детстве
сверкает, блестит
мишура,
Оливье, телевизор, бокалы
с игристым вином,
Танцы, радость и смех -
веселится народ до утра.*



*Но сугробам шагает, свои
оставляя следы,
С красным носом, мешком
и седой бородой Дед
Мороз.
Пусть волшебный старик
все исполнит народа
мечты,
Я хочу, чтоб он радость и
счастье всем людям в
подарок принес.*

Автор: Марина Головки



Әскердегі мәдени шаралар

Будни защитников отечества

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ КӨБЕЙТЕ БЕРЕЙІК

Ертеден, қазақ халқының тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтардың бірі - отбасылық құндылықтар. Көне заманнан негіз алған олар, қай заманда болмасын, өзінің мән – мағынасын жоғалтпай, «Отан – отбасынан басталады» - деген қағидаға арқау болған. Олай болса, отбасылық құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сай дамыту - мемлекетіміздің өркендеп өсуінің кепілі болмақ. Сондықтан да, қазіргі уақытта еліміздің аймақтарында, үлкенді-кішілі ұжымдар мен мекемелерде бұл мәселеге зор мән беріліп, әртүрлі іс-шаралар өткізілуде.

Айтар болсақ, еліміздің Әуе Қорғаныс Күштеріне қарайтын 44841 әскери бөлімде бұл істі әйелдер кеңесі және әскери азаматтардың отбасымен жұмыс жүргізуші бірігіп, қолға алған болатын. Аз уақыт ішінде бұл ұйымның атқарған жұмыстары айтуға тұрарлықтай. Әуелі, әскери азаматтардың мекен-жайларын аралап, отбасы мүшелерімен танысқан. Жанұядағы береке-бірлік,

атты өлеңін орындаған Елдосқызы Әлияның; Ф.Оңғарсынованың «Өлең» поэмасын нақышына келтіріп жатқа айтқан Пернебаева Мөлдірдің шеберліктері залда отырғандарға зор әсер қалдырды.

Қойылымды жүргізушілер – қазақ орта мектебінің оқушылары, қаладағы жастар сарайының үйірме түлектері болатын. Қуантары сол, іштерінде бөлімдегі әскери азаматтардың балалары Аяулым Важиқова, Нұрәділ Рахов, Сағыныш Асубаев, Сұлтан Әжекезов, Нұрсұлтан Қыстаубаевтар бар.

Кеш соңында, көрермендеріміздің ішінде осындай «Поэзия кештері жиі болса екен деген» - деп, тілектерін білдірушілер де болды.

Осыдан кейін, еліміздің ұлы мерекесі – Тәуелсіздік күніне арнап «Сүйікті де тәтті тағам – торт» жасаудан жарыс ұйымдастырылды. Бұндағы негізгі мақсат отбасындағы аруларымыздың шеберліктерін байқау және жақсыларын көпшілік қауымға көрсетіп, дәріптеу болатын. Бұл



сыйластық пен татулықтың қандай екенін көріп, әрқайсының ой өрістерін байқаған. Бір сөзбен айтқанда, жанұяда қандай отбасылық дәстүрлер сақталған, мәдениеті мен этикасы қандай деген сауалдарға назар аударған. Онымен бірге жанұя мүшелерінің мұң-мұқтаждары болса біліп, керекті жағдайда әскери бөлім басшылығына баяндап, дұрыс шешімін табуға көмектескен.

Әрине, мұндай ауқымды жұмыстарды аз уақытта толық атқару мүмкін емес. Дегенмен, алғашқы орындалған іс-шаралардың нәтижелері қуантарлықтай. Сондықтан да кейбіреулерін еліміздің атаулы күндеріне арнап, бұқаралық ақпарат құралдарына жібергенді жөн көрдік.

Бірінші кезекте Тұңғыш Президент күніне арнап «Поэзия, менімен егіз бе едің?» - атты кеш өткізілді. Бұндағы негізгі мақсат отбасы мүшелерінің, әсіресе жастардың ынта-жігерін байқап, поэзияға деген сезімдерін ояту болатын.

Кеште, еліміздің атакты ақын-жазушылары Мұхтар Шаханов, Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Тұманбай Молдағалиевтардың өлеңдері жатқа айтылып, Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романынан үзінді оқылды.

Әсіресе, Т.Молдағалиевтың «Қазақстан - қасиетті гүл мекенім» және «Өз тілінде сөйле, бала» өлеңдерін оқығандар Раджапбай Акеркеңі және Серікбаева Айжамалдың; М.Мақатаевтың «Сәби болғым келеді»

сайыстың басты кейіпкерлері бөлімдегі әскери азаматтардың жанұядағы «командирлері» - жұбайлары. Жарысқа қатысқан 15 келіншек, өздерінің үйлерінде дайындап алып келген торттарын залдағы көрермендерге және жюри мүшелеріне көрсетті. Әділ қазылардың шешімдері бойынша шеберлікпен және тәтті орындалған торттардың иелері жеңімпаздар атанды. Олар: «Дружба» атты торттың иесі Тоқтағұлова Алия – 1-ші орын, «Молочная девочка» атты торттың иесі Жиенбаева Әйгерім – 2-ші орын және «Нежность» атты торттың иесі Таженова Сәуле – 3-ші орын.

Жеңімпаздардың бәрі де алған орындарына қарай мақтау грамоталарымен марапатталды.

Келесі кезек, бөлімдегі көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысушылардың орындауындағы тәтті күй мен әсем әнге берілді.

Бұл күнгі өткізілген іс-шараны қорытындылай келіп, әскери бөлім командирінің орынбасары подполковник Руслан Ибраев өз сөзін төмендегіше түйіндеді: «Халқымызда Отан отбасынан басталады» - деген қасиетті сөз бар. Сондықтан да біздер әрбір жанұядағы сақталып жүрген құндылықтарды біліп, көпшілікке дәріптеуіміз керек. Осыған сіздер де өз үлестеріңізді қосатын болыңыздар.

Мұханбедия Сахалов



АРМИЯ В МОЕЙ СУДЬБЕ

Армейская жизнь у молодых людей начинается со срочной службы. После прохождения её, некоторые решают вопрос остаться с армией навсегда или нет. Но как бы ни сложилась судьба этих людей, время ратной службы, остается особенным. Для одних оно частица жизни, а для других важнейшая её часть.

При разговорах с ними, обычно, мы слышим «армия воспитала» или «армия выработала». Да, и рядовому, и убеленному

части 6506 внутренних войск, где научился делать первые самостоятельные шаги. По его признанию, это был не менее ответственный и трудный этап жизни, период становления. Затем, служил в части 2020 ПС КНБ РК, а с 2012 года по сей день в войсковой части 44841 на разных должностях – начальник КДЦ, затем офицер службы мобилизационной работы штаба части, теперь заместитель командира технического дивизиона по воспитательной и идеологической работе.

Годы службы в этих частях, по словам



седьмой офицеру армия дала характер, строго проверила силу духа, научила служить Отечеству.

- Ну, а что такое армия в Вашей жизни? Мы спросили у майора Бактияра Жарылкапулы - заместителя командира технического дивизиона по воспитательной и идеологической работе войсковой части 44841 СВО ВС РК.

После небольшого раздумья Бактияр Жарылкапулы ответил: «Я, несколько перефразирую Ваш вопрос, это будет искренне и правильно. Армия – моя жизнь. Пусть кто-то утверждает, что дороги выбирают нас. Позволю себе не согласиться. Жизненные пути выбираем мы сами. И если у кого-то биография не сложилась, то винить надо в этом лишь себя», - говорит офицер Жарылкапулы.

После этих слов майора нам хотелось раззнать как же сложилась его собственная биография. Вот что он нам рассказал: «На первый взгляд в моей жизни и в частности армейской, все складывалось вполне обычно. Не было ни особого везенья, ни какой-либо исключительности».

- Родился и вырос в городе Чимкент, в дружной семье Туржановых. В доме нас два сына, старший Бауыржан и я. Родители наши – отец Туржанов Джарылкап Калжанович (ныне покойный) и мать Темирханова Бибиасия Султановна. Оба всю жизнь занимались педагогической деятельностью. Отец преподавал историю в средней школе, а мать – филолог занималась в высшем учебном заведении. Родители нас воспитали быть честными и порядочными, научили к самостоятельной жизни с малых лет. Однажды в семейном совете я узнал, что отец, искренне влюбленный в свой предмет, хочет после школы и меня пустить по этому же пути, а мать поддерживает его идею. Однако, я заупрямился и сказал родителям – этому не бывать. Хватит дома и двух педагогов, а свою жизненную дорогу выберу сам.

После этого откровенного, семейного разговора начинается самостоятельная жизнь нашего героя.

В 1996 году Бактияр заканчивает школу-лицей №9 имени С.М.Кирова в городе Чимкент и в этом же году поступает в ЮКГУ имени Мухтара Ауезова, которого закончил в 2000 году. Вскоре его призывают в Армию. Настала пора и ему исполнять почетную миссию – Родину защищать. В начале он проходит действительную службу в войсковой

Бактияра Жарылкапулы, не прошли даром. И каждый из них что-то прибавляет к его опыту, с каждым растёт багаж его знаний, навыков и умений, так необходимых для службы.

Как Вы считаете сложилась ли у Вас жизнь в армии?, - спросили у майора. Вот его ответ: «В целом, да! На первых порах были трудности, очень многое зависело от того, кто тебя ведет за руку, к чему и как учит. Мне в этом плане несколько повезло. Рядом были надежные и опытные товарищи. Правда, по головке они меня не гладили. Но если ругали, я знал за что и что нужно делать для исправления своих промахов. Самое главное, ими не оставались незамеченными мои успехи в работе. Теперь должен сказать, вспоминаю прошлое только добрым словом и испытываю особое чувство радости, когда встречаюсь с друзьями-однополчанами».

Вы могли бы рассказать несколько слов о своем подразделении-техническом дивизионе части?

«Технический дивизион – один из лучших в части, постоянно добивался звания отличника во внутренних соревнованиях. Конечно, на этом не только моя заслуга, но и всего



сплочённого командного состава. В первую очередь, довольно продолжительное время руководивший, ныне в отставке, подполковника Жасулана Танатарова, нынешнего командира майора Самата Бижигит, старшего лейтенанта Алмасхана Айбасова и сержанта III класса Сайрана Хасымова, признается офицер».

Верные сложившийся традиции в дивизионе мы стараемся постоянно поддерживать связь со своими бывшими подчиненными и узнаем, как они построили свою жизнь, чем занимаются и т.д. И они с радостью вспоминают о той роли, которую сыграла в их жизни армия (частности технического дивизиона). Значит, заложенное здесь в техническом дивизионе, в душу солдата, не забывается. Это нас радует.

Муханбедия Сахалов



САУАТТЫ ШӘКІРТ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Әлемде және елімізде соңғы жылдары орын алған лаңкестік әрекеттер мемлекеттің дін саласындағы саясатқа күрделі өзгерістер жасауға итермелеуде. Осы орайда 2017 жылы «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қабылданып, сол бағытта ауқымды іс-шаралар жүргізіліп қолға алынды. Мемлекеттіміздегі тұрақтылық пен тұтастықты, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамда діни радикализм мен фанатизмге төзбеушілік түсінігін қалыптастыру – күн тәртібінде өткір тұрған мәселелердің бірі.

Өкінішке қарай дінге бет бұрған кейбір азаматтарымыз діни сауатының төмендігінен немесе мүлде жоқтығынан түрлі жат пифылды топтардың жетегінде кетіп, өз елімізде лаңкестік әрекеттерге барумен ғана шектеліп қалмай, әлемдік саясаттың құрбанына айналып, шет ел асып, соғыс майданынан бір-ақ шықты. Бұл дінге берілгендік немесе діндарлықтың көрінісі емес – керісінше, нағыз сауатсыздық пен рухани таяздықтың жемісі.

Сондай-ақ исламтану саласында білім алып жүрген кейбір студенттердің де ғылымды діни және дүниәуи деп бөліп, соңғысын оқуға құлықсыздық танытуы да өз кезегінде діни сананың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағандығын көрсетеді.

Ислам дінінде Алла Тағаланың ең алғашқы бұйрығының: «Оқы!» деп келуінің өзіндік үлкен астары бар. Иә, Құран Кәрімнің алғашқы әмірі **«Оқы! Раббыңның атымен...»** - деп басталған («Алақ» сүресі 96/1). Бірақ бұл жерде тек «Құранды оқы!» деп ашық айтпаған, тіпті «Сендерге берілген кітапты оқыңдар» да демеген. Бұл «оқы» деген бұйрықтың мәнісін де Құран өзі түсіндіреді: **«Оқы, сол жомарт раббыңның атымен оқы, ол адамға қаламмен жазуды үйретті»** («Алақ» сүресі, 96/3-4).

Иә, бұл жердегі «оқы» деген бұйрық тек Құранның сөздерін оқумен ғана шектелмейтіндігі одан кейінгі келетін сөйлем жолынан түсінікті болып тұр. Құран «оқы» деген бұйрығымен әрі иләһи аяттарды, әрі ғаламдағы заңдылықтарды оқып-білуге үндейді. Сол себепті, оқығанда әрі жаратылуымызды, әрі ғаламды, әрі Алланың көлемін зерделеу қажет.

Жалпы ғылымның түпкі мақсаты – өзін,

қоршаған ортаны тану арқылы Жаратқанды табу. Мұсылман ғалымдары арасында кең тараған «Мән арафа нәфсәһу фақад арафа раббаху», яғни «Өзін таныған адам Раббысын да танығаны» деген сөз де осыны көрсетеді. Яғни ақиқатқа жету жолында ғылым маңызды құрал болып саналады. Қиямет қайымға дейін келетін адамзатқа жетекшілік жасап, жол сілтейтін Кітаптың осы сөзді таңдауы мұсылмағдарға ғылым-білімнің маңызын ұқтыру жолындағы ең алғашқы қадам болып табылады.

Құранда білу деген мағынаға саятын «илм» түбірінен туындаған 780 сөз өтеді. Ғылым деген сөзбен мағыналас «хикма» мен ғалым деген мағынаға келетін «хаким» сөздерін де қоса кетуге болады. Мәселен, Хикма сөзі 20, хаким сөзі 97 жерде өтеді. Қосымша «білу» деген мағынаға келетін «марифа» сөзі 70 ке жуық жерде кездеседі. Сонымен қатар ілімге қол жеткізу жолында қажет саналатын «тәфәккур» 18, «ақыл» мен «тааққул» сөздеріне қатысты 49 сөз өтеді. Сонымен қатар ғылымға қатысты «тәфаққуһ», «тәдәббур», «тәфәһһум», «шуур» секілді сөздер де көптеп кездесуі бекер емес.

Алла Тағаланың ғылым-білімге ынталандырған бірнеше ғана аяттарын келтіре кетейік. «Бақара» сүресінің 269-аятында: **«Ол хикметті (даналықты) қалаған пендесіне нәсіп етеді. Кімге даналық берілген болса, расында оған қыруар игілік берілгені. Алайда (бұл ақиқатты) тек шынайы ақыл иелері ғана терең түсініп, ғибрат ала алады».**

«Жер бетінде (Аллаға) қалтқысыз иланғысы келетін жанлар үшін көптеген айдан анық айғақ бар» («Зәрият» сүресі, 20-аят), **«Уа, Раббым! Білімімді арттыра гөр!» – деп айт»** («Таһа» сүресі: 20/114), **«Оларға: «Білетіндер мен білмейтіндер тен бе?» – деп айт»** («Зумәр» сүресі: 39/9), **«Алла тағала сендердің араларыңнан иман келтіргендерді, сондай-ақ, өздеріне ілім нәсіп болғандардың дәрежесін көтеріп, мерейін өсіреді».** («Мужәдилә» сүресі: 58/11), **«Расында, Алладан құлдарының ішінен ғалымдар ғана шынайы түрде қорқады».** («Фатыр» сүресі: 35/28)

Сонымен қатар: **«Дәуіт пен Сүлейменге ілім бердік. Екеуі: «Бізді мүмин құлдарың көбінен үстем еткен Аллаға мадақ» – деді»** («Нәміл» сүресі, 15). Осы

аятта да екі пайғамбардың ілім нығметін сыйлап өзге муминдерден үстем еткендігі үшін Жаратқанға мадақ айтқанынан ілімнің қаншалықты артықшылық екенін байқаймыз.

«Тәуба» сүресінің 122-аятында да Алла тағала мұсылмандарға **«Барлығың тегіс жинадқа шығып кетпей, дінді жақсы үйреніп, қалғандарына үйрету үшін»** бір топтың қалуын бұйыруы да ілім үйренудің артықшылығын көрсетеді.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) да үмбетін оқып-білуге ынталандырған хадистері жетерлік. Әбу Дәрда (р.а.) жеткізген мына хадис ғылымның артықшылығын көптеген қырларын қамтыған: **«Алла елшісінің (с.а.с.): Кімде-кім білім жолына түссе, Алла тағала оған жұмаққа барар жолды жеңілдетеді. Періштелер де білім алушының талабына дән риза болып, аяғының астына қанаттарын жайып, ізет көрсетеді. Сондай-ақ, жеті қабат аспан мен жердегі барлық жаратылыс атаулы, тіпті судағы алып балықтар да шынайы ғалым үшін Алладан жарыққа тілейді. Ғалымның білімсіз діндардан артықшылығы толған айдың өзге ұсақ жұлдыздардан артықшылығы секілді. Расында шынайы ғалымдар – пайғамбарлардың мұрагерлері. Шынтуайтында, пайғамбарлар мұра ретінде динар мен дирхам емес, тек қана ілім қалдырды. Кімде-кім сол ілімнен сусындаса, мол несібеге кенелгені – деп айтқанын естідім»** – деген. (Тирмизи, ильм 19; Әбу Дәуіт, ильм 1).

Осы аят-хадистерді үмбетіне жеткізген Ардақты пайғамбарымыз (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қоғамдағы надандық пен сауатсыздықты жою үшін сол кездегі мүмкіндіктің бәрін пайдаланып, қолынан келгенін жасады. Соның нәтижесінде қысқа уақыттың ішінде сауатсыздық жойылып, әлемге нұр шашқан ғалым-ғұламалар жетіліп, адамзаттың игілігі жолында өшпес мұраларын қалдырды.

Мұсылмандардың адамзат өркениетінің дамуына үлес қосқан «алтын ғасырында» құқық, тәсір, хадис және кәлем секілді дін ғылымдары саласында ғылымға ғашық өте әйгілі дін ғалымдары өсіп жетілсе, бергін келе медицина, математика, география, астрономия т.б. жаратылыс ғылымдары саласында да жүздеген ғалымдар жетіліп, құнды ғылыми мұраларын адамзатқа тарту етті.

Жалпы Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың хадистеріне мұқият үнілгенде

Сауатсыздықтың салдары

араб тіліндегі «Илм», яғни ғылым сөзінің жалпы түрде келгенін байқаймыз. Ғылым деген кезде тек қана діни білім көзделмеген. Міне осының сырын терең ұққан мұсылмандар алғашында дін саласын игерумен қатар бергін келе, ғылымның барлық салаларымен айналысып, қазіргі змәнауи ғылым-білімнің өркендеп дамуына негіз қалап кетті.

Өкінішке орай, ең алғашқы бұйрығы «Оқы» деп келген мұсылман үмбетінің қазіргі жағдайы көңіл көншітерлік емес. Ғылым-білім саласына қосып жатқан үлестері жоқтың қасы. Көптеген мұсылман елдерінде оқу-жазу сауаттылығы мүлдем төмен. Соның салдарынан қазіргі таңда өркениет көшінің соңында келеді. Бұл әрине орта ғасырларда күллі адамзатты өзіне тәнті еткен, кітабы – Құран, ұстазы – Алланың соңғы елшісі Мұхаммед (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) болған иісі мұсылман баласы үшін мақтанар жағдай емес. Сондықтан мұсылман баласы өзінің адамзат тарихындағы мақтаншықа толы орнына қайта жайғаса алуы үшін, білім-ғылымға ерекше мән беруі керек. Жасалуы қажет ең үлкен жихад қараңғылыққа, сауатсыздыққа, рухани жұтандыққа қарсы бағытталуы тиіс.

Осы Орайда Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әр-дайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деуі біздерге де ой салуы қажет.

Діни радикализм мен экстремизмнің алдын алуға білікті де білімді мамандарға деген сұраныс өте жоғары. Өз кезегінде бұл қажеттілік кейбір талаптарды да алға тартады. Сондықтан да дін саласының мамандары өз тарихын, ұлттық құндылықтарын, ділі мен дінін жақсы білуі, сондай-ақ білім мен ғылым күн санап дамып отырған қазіргі заманда бәсекеге қабілеттілік таныта алуы ең негізгі талаптардың бірі.

Алау Әділбаев, дінтанушы, PhD докторы, «Нұр-Мубарак» Египет ислам мәдениеті университеті

ҚЫСҚА БАЛАҚ КӨНІЛГЕ ҚАЯУ САЛАДЫ

Қазіргі таңда қазақ қоғамында Ислам діні күн санап қанатын кенге жайғанымен кейбір теріс бағыттағы жастарымыз оның түсінігін шектеп жатқаны жасырын емес. Бүгінде кей жастар түймедей нәрсені түйдей етіп сақал, қысқа балақ секілді мәселелерді қоғамның діндегі ең басты проблемасына айналдырып отыр. Мұндай мәселе бұған дейін ілгеріде мұсылман қоғамында ешбір дау-дамай тудырмаған. Себебі, сақал мен балақ мәселесі мұсылмандар арасында үлкен талқыға түскені Исламның тарихи сахнасында көрініс тапқан емес. Демек, мұндай мәселе қайдан туындап жатыр? Расында келте балақ Исламның негізгі шарттарының біріне жатады ма? Ислам ғалымдарының көзқарасы қандай? - деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Әсілінде, Ислам қандай да бір шектен шықпаған киім киюге тыйым салмайды. Бұл жайлы Ахмет, Нисан және ибн Мажадан келген риуаят бойынша ардақты Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар: **«Ішіндер, жеңдер, садақ беріндер, қалаған киімдеріңді киіңдер бірақ, ысырапақ, өзіншілге жол бермендер»** деген. Бұл хадиске қарайтын болсақ шарифі үкімдер бойынша киім киген адамның ниетіне назар аударылатынын байқауға болады. Ал, қысқа балақ киюге байланысты ардақты Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар бірнеше хадистер айтып кеткен. Мәселен, Абдулла ибн Омардан жеткен хадисте: **«Аллаһ Тағала қиямет күні киімнің тәкәппарлықпен төмен түсірген адамға қарамайды»**, Мүслим риуаятында

келген хадисте Аллаһ елшісі: **«Аллаһ Тағала үш адамға қияметте сөйлемейді де қарамайды және оларға ауыр азап болады: (мусбил - балағын төмен) түсірушіге, өсекшіге және екізүздіге»**, деген. Бұл хадиске түсініктеме берген ғалым Имам әл-Мунзари былай деген: **«мусбил – тәкәппарлықпен, өзіншілдікпен киімін жерге салбыратын жүретін адам».**

Сонымен қатар Имам Бұхари өзінің «Сахих» кітабында «Киімін тәкәппар ниетінсіз төмен түсіретіндер» бөлімінде мынадай риуаятты келтірген: «Бірде Әбу Бакр пайғамбардың: **«Аллаһ Тағала қиямет күні киімін тәкәппарлықпен төмен түсірген адамға қарамайды»**, деген хадисін естіп Алланың елшісіне (с.а.у.): **«Уа, Расуллаһ! Менің киімім бойымнан төмен түсіп кете береді, сонда менің халім қалай?»** - дегенде пайғамбар (с.а.у.): **«Сен тәкәппарлықпен жасайтын адамдардың қатарынан емессің»**- деген екен. Демек, хадистерге сүйенсек балақтың тобықтан төмен болуы ниетке байланысты екенін аңғаруға болады. Егер хадистерде адамның ниеті тәкәппарлықты көздемеसे балақты ұзын етіп киюге болатындығы айтылып тұр.

Сонымен қатар көптеген Ислам ғалымдары да осы көзқарасты алға тартқан. Мәселен, Имам Әбу Ханифаның өзі дәулетті ғұмыр кешкендердің бір еді. Ол бір күні киімін жерге дейін салбыратын көшеде келе жатқанда оны көрген бір кісі келіп оған: **«Бізді бұлай киінуден пайғамбар (с.а.у.) тыймаған бе?»**, дейді. Сонда Имам: **«Ол тек тәкәппарланып киінгендер үшін**

айтылған ал, біз олардың қатарынан емеспіз, деген екен » (Ибн Муфлих – «Әдәб аш-шарғия» кітабынан).

Имам Шаукани «Найлу Аутар» кітабында жоғарыдағы хадистерге түсініктеме бере отырып: **«...тәкәппарлық ниеті жоқ адамдар бұл хадистердің мазмұнына кірмейді»**- деген.

Сәләфизм бағытының көрнекті өкілі Ибн Таймия өзінің «Мажмуатул фатауа» кітабында қысқа балақ туралы былай деген: **«Адам жақсы ниетпен кесе сауап алады ал, жаман ниетпен кесе күнәлі болады. Сол сияқты кімде кім киімді мал-мүлкін қорсету мақсатында тәкәппарланып кесе онда күнәхар болады. Себебі, Жаратушы тәкәппарлар мен өзіншілдерді жақсы көрмейді. Ал, кімде кім Аллаһтың берген ризығына сай киінсе онда ол сауапты болады. Сондықтан мұндай мәселе адамның ниетіне байланысты болады»**- деген екен.

Сонымен қатар қысқа балаққа қатысты Мысырдың Пәтуа шығару басқармасының (Дар әл-Ифта) берген түсініктемесінің мазмұны мынадай: **«Егер киімді ұзын етіп кию белгілі бір қоғамның салт-дәстүрі немесе сол қоғамда мұндай киім үлгісі әдетке айналған болса онда ол харам үкіміне жатпайды. Себебі, ұзын киім ол тәкәппарлық ниетінде ғана харам болады».**

Қазаққа жасат ұстаным



Сондықтан Исламды ұстанып мұсылман болғаннан кейін ондағы мәселелердің ұғымын тар етіп қабылдамай, жан-жақты ізденіп барып қана бір шешімге келген жөн. Келте балақтың дұрыс екендігін алға тартқан алымдардың басым көпшілігі Сауди Арабия, Шам секілді елдердің тумалары. Олар мұндай шешімді өздерінің қоғамына қарай отырып шығарған. Ал, қазақ жеріне мұндай сырттың ұстанымы қашан да жат. Себебі, «Әр елдің салты басқа иті қара қасқа» - демекші, біздің өз дүниетанымымыз бар және олар Ислам дініне қайшы келмейтіні белгілі. Сол үшін келте балақ қазақ қоғамының сұранысына ие емес, әрі мұсылмандар арасында түсініспеушілік тудыратын жат ұстаным екенін түсінген жөн.

Асхатұлы Жалғас, дінтанушы

РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН В ЯНВАРЕ 2018 г.



№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следования
3	Алматы-2-Астана	23.07	10	23.17	ежедневно
4	Астана-Алматы-2	22.27	10	22.37	ежедневно
9	Алматы-1-Астана	06.55	18	07.13	ежедневно
10	Астана-Алматы-1	09.14	15	09.29	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	03.56	20	04.16	четным
16	Петропавловск-Алматы-2	20.15	15	20.30	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	08.30	20	08.50	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	22.58	15	23.13	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	09.49	18	10.07	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	19.56	20	20.16	ежедневно
75	Кызылорда-Петропавловск	20.47	15	21.02	четным
76	Петропавловск-Кызылорда	12.52	15	13.07	четным
85	Астана-Сарыагаш	18.57	15	19.12	ежедневно
86	Сарыагаш-Астана	10.06	15	10.21	ежедневно
89	Кызылорда-Астана Нурлыжол	15.04	10	15.14	нечетным
90	Астана Нурлыжол-Кызылорда	02.43	10	02.53	четным
151	Алматы1-Астана	00.57	41	01.38	нечетным
152	Астана-Алматы1	06.11	15	06.26	четным
303	Алматы-2-Казань	04.57	15	05.12	среда
304	Казань-Алматы-2	08.01	18	08.19	понедельник
315	Ташкент-Екатеринбург	04.57	15	05.12	понедельник
316	Екатеринбург-Ташкент	08.01	18	08.19	четверг
373	Алматы-2-Жезказган	12.58	20	13.18	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	01.57	19	02.16	ср.суб.
251	Самарканд-Астана-Нурлыжол	02.48	20	03.08	вт (летний период)
252	Астана-Нурлыжол-Самарканд	04.32	15	04.47	ср (летний период)
701	Алматы2-Астана Нурлыжол	01.17	10	01.27	ежедневно
702	Астана Нурлыжол-Алматы2	01.37	10	01.47	ежедневно
703	Алматы2-Петропавловск	00.19	10	00.29	ежедневно
704	Петропавловск-Алматы-2	03.28	10	03.38	ежедневно
707	Шымкент-Астана Нурлыжол	23.31	17	23.48	нечетным
708	Астана Нурлыжол-Шымкент	02.43	10	02.53	нечетным

Источник: сайт АО «НК «Қазақстан темір жолы»
на 05.01.2018 г.

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ ВETERANAM ВОЙНЫ

Приозерск қаласының әкімдігі Ұлы Отан Соғысының ардагері, Приозерск қаласының құрметті азаматы **Кубеева Аймереке Бекболатқызының** қайтыс болуына байланысты марқұмның немерелеріне, туған-туыстарына, жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Акимат города Приозерск с прискорбием извещает о кончине участника Великой Отечественной Войны, почётной гражданки города Приозерск **Кубеевой Аймереке Бекбулатовны** и выражает соболезнования её родным и близким.

Приозерск қаласының әкімдігі Ұлы Отан соғысының ардагері **Морозов Иван Павловичтің** қайтыс болуына байланысты марқұмның немерелеріне, туған-туыстарына, жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

Акимат города Приозерск с прискорбием извещает о кончине участника Великой Отечественной войны **Морозова Ивана Павловича** и выражает соболезнования родным и близким покойного.



Кубеева Аймереке Бекболатовна родилась 27 мая 1927 года в городе Уральск Западно-Казахстанской области. Будучи совсем юной девушкой, она добровольцем отправилась на войну, где отчаянно сражалась за победу до последнего конца. Аймереке Бекболатовна в составе действующей армии участвовала в Сталинградской битве, где была разведчицей в разведротте. Стоит отметить, что воевала она в одном ряду вместе с Героем Советского Союза Алией Молдагуловой. Во время войны девушка была 3 раза ранена. Но не смотря ни на что, она продолжала защищать свою Родину. Так, вместе со своими товарищами она участвовала в операции «Эдельвейс» на Кавказе, освобождала Киев, Ростов-на-Дону, Константинополь, Воронеж и Восточную Пруссию в составе кавалерийского полка. После окончания войны в 1945 году она была демобилизована.

За боевые заслуги А. Кубеева была награждена различными орденами и медалями.

Акимат города Приозерск,
Маслихат города Приозерск,
Совет ветеранов города Приозерск



Морозов Иван Павлович родился 21 октября 1925 года в селе Благовещенск Кордайского района Жамбылской области. В 1942 году после окончания средней школы, в возрасте 17 лет, был призван на фронт. Принимал участие в боях в составе 335-го отдельного батальона 156-го запасного полка Дальневосточного фронта. Сержант Морозов И.П. был командиром пулеметного расчета, воинская специальность – пулеметчик станкового пулемета «Максим». С августа по сентябрь 1945 года участвовал в Японской войне, участвовал в боях в Манчжурии и Корее. После войны служил в армии, принимал участие в восстановлении народного хозяйства. Вернулся он на родину только в 1948 году.

За проявленную храбрость, стойкость и мужество в той страшной войне, Иван Павлович награжден орденом Отечественной войны 2-степени; юбилейными медалями, медалями «Маршал Советского Союза Жуков Г.К.» и «10 лет Астаны», а также многочисленными грамотами и ценными подарками МО и местных исполнительных органов.

Акимат города Приозерск,
Маслихат города Приозерск,
Совет ветеранов города Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ



ПАРНКМАХЕРСКАЯ «МИЛЮЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.
Выходной - Понедельник.
На маникюр и педикюр записаться по тел.: 8-771-699-32-89

ИНФОРМАЦИЯ К СВЕДЕНИЮ

В Законе «О республиканском бюджете на 2018 — 2020 годы» прописаны новые ставки минимальной зарплаты, минимальной пенсии и месячного расчетного показателя, которые будут действовать с 1 января 2018 года.

На 2018 год установлены следующие ставки:

- 1) минимальный размер заработной платы — 28 284 тенге;
- 2) минимальный размер государственной базовой пенсионной выплаты — 15 274 тенге;
- 3) минимальный размер пенсии —

33 745 тенге;

4) МРП для исчисления пособий и иных социальных выплат, а также применения штрафных санкций, налогов и других платежей в соответствии с законодательством РК — 2 405 тенге;

5) величина прожиточного минимума для исчисления размеров базовых социальных выплат — 28 284 тенге.

Ранее, 4 декабря 2017 года Президент РК Нурсултан Назарбаев подписал Закон «О республиканском бюджете на 2018–2020 годы».

Источник: <http://atameken.kz/ru>

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 01/541. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.